

көрші мемлекеттерге тәуелділікті тездетіп жою қажеттігін айтты. «Биыл Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің бірінші блогын қайта құру жұмыстары аяқталады. Бұрын ешқашан толық қуатын пайдаланып көрмеген станция-

электр энергиясының тапшылығын жояды деп ойлаймын.

Мемлекет басшысы атом электр станциясын салуға назар аударды. Өздеріңіз білесіздер, атом электр станциясы уран өнімін пайдаланады,

еліміз уран өндіру бойынша қатардағы мемлекеттердің дықтан осындай байлық

Байтақ Апшиқұрұлы, Жер туралы ғылымдар мектебінің профессоры:

– Президенттің Жолдауында ел азаматтарының көкейінде жүрген түйткілді мәселелердің түйіні айтылып, сара жол көрсетілді. Осының ішінде жерге қатысты айтқанда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, тау-кен секторын жаңғыртуға назар аударды.

Ірі инвесторларды тартқан кезде барлау жұмыстарын өз қаражатына жүргізетін инвесторларға басымдық берілмек. Бұл бір жағынан, мемлекеттің экономикасына салмақ түсірмесе, екіншіден, халықтың көкейіндегі мәселені де шешеді.

Президент жобаларды келісуге қажетті рәсімдер мен оның мерзімін кешенді мемлекеттік сараптама жасау және толық цифрландыру тәсілін енгізу арқылы екі есе азайтуға болатынын айтты.

Қазір еліміздің 1,5 миллион шаршы шақырым аумағына геологиялық және геофизикалық барлау жасалған. 2026 жылға қарай оның көлемін кемінде 2 миллион 200 мыңға жеткізу туралы Үкімет алдына тапсырма қойылды.

«Жаңа заманның мұнайына» айналған сирек және жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек. Өзінің осы саладағы әлеуетін аша алған елдер келешекте бүкіл әлемнің технологиялық даму бағдарын айқындайтын болады.



ка,
дас

қоз
сым
Сон

кер
қар
ба

Бұл
Өй
да
та
ба